

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ

СТОМАТОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТИ

ФУНДАМЕНТАЛЬДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР КАФЕДРАСЫ

«БЕКІТЕМІН»

Стоматология факультетінің
деканы м.а.У.Б. Татыкаева
« 08 » 09 2024 ж.ZAP 5220 ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ПРЕЗЕНТАЦИЯ пәні бойынша
СИЛЛАБУС

Білім беру бағдарламасы: 6B10156 - Стоматология

Курс: 5, семестр: 9

Кредит саны: 3/90

Оқу тілі: қазақша

Силлабус факультеттің оқу-әдістемелік комитет « 08 » 09 2024 ж. (№ 1 хаттама) мәжілісінде талқыланды.

Факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы Д.М. Сапиева

Кафедра меңгерушісі Г.К. Айболова

Пән оқытушылар туралы мәлімет:

№	Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы	Телефон нөмірі	Электрондық пошта
1	Тулешова Эльмира Жанбырбаевна	Х.ғ.к., ассоц. профессор	+77781765176	elmira.tuleshova@ayu.edu.kz
2	Нурдинов Нурсултан Сейсенбаевич	PhD, аға оқытушы	+77053787891	nursultan.nurdinov@ayu.edu.kz
3	Асанова Галия Нематуллаевна	Б.ғ.к., аға оқытушы	+77013133357	galiya.assanova@ayu.edu.kz

Пәннің сипаттамасы: ғылыми зерттеудің түсінігі, мәні, түрлері, ғылыми зерттеулерді жоспарлау әдіснамасы, зерттеу құрылымы, принциптері, сандық және сапалық зерттеулердің әдіснамасы, зерттеу жұмыстарын жариялаудың өзекті мәселелері мен міндеттері туралы түсінік қалыптастырады.

Білім беру бағдарламасындағы оқытудың соңғы нәтижелеріне сәйкес оқу курсы келесі құзыреттіліктердің дамуына бағытталған

Құзыреттер (Қ)	Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері (ББ ОН):
Б1. Медициналық сарапшы	- Дәлелді медицина принциптері негізінде негізгі стоматологиялық аурулар кезінде сұрау, тексеру, диагностика, емдеу және динамикалық бақылау әдістерін білу мен түсінуді көрсету (ОН1).
Б7. Кәсіпқой	- Барлық жастағы стоматологиялық аурулары бар пациенттерді олардың қажеттіліктерімен сұраныстарын ескере отырып тексеруді және емдеуді жоспарлау(ОН13).
Б8. Ғалым	- Өз зерттеулерінің нәтижелерін таныстыру, өз жұмысында академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін қолдану (ОН15).

Пәннің оқыту нәтижелері

Қ	ББ ОН	Пәннің оқыту нәтижелері (ПОН)
Б1.	ОН1	ПОН 1 - зерттеу тақырыбы бойынша ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және жүйелеу дағдыларын, зерттеу міндеттерін шешу әдістері мен құралдарын таңдау дағдыларын меңгереді. ПОН 2 - ғылыми-зерттеу қызметінің мәні және оны медицина мен денсаулық сақтауда жүзеге асырудың ерекшеліктері туралы білімді қалыптастырады.
Б7.	ОН13	ПОН 3 - кәсіби қызмет саласындағы ғылыми зерттеулердің перспективалық бағыттарын талдайды, зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік тәжірибені қоса алғанда, ғылыми зерттеу бағдарламасын әзірлеу дағдыларын меңгереді, жоспарланған зерттеудің ғылыми гипотезаларын, өзектілігі мен ғылыми жаңалығын тұжырымдайды.
Б8.	ОН15	ПОН 4 - алынған нәтижелерді түсіндіреді, ғылыми тұжырымдар мен ғылыми ережелерді тұжырымдайды, алынған деректерді баспа ғылыми басылымдарында, сондай-ақ ауызша баяндамалар мен мультимедиялық презентацияларда баяндайды. ПОН 5 - этикалық нормаларға сәйкес кәсіби қызметті құру дағдыларын қолданады.

Пререквизиттер: микробиология, биостатистика

Постреквизиттер:

Пәнді оқытудың жоспары

№	Практикалық сабақ тақырыптары	БӨЖ тақырыптары	Практикалық сабақ	БӨЖ	БӨЖ	Пәннің оқыту нәтижелері
1	Ғылымның анықтамалары, мақсаты мен міндеттері. Ғылымның негізгі даму кезеңдері. Қазақстанда және әлемде медицина ғылымының дамуы.	Медицина ғылымын Қазақстанда және әлемде дамуы.	2	1	3	ПОН 1 ПОН 2
2	Негізгі ғылыми зерттеулер классификациясы. Әдеби шолу.	Зерттеулер гипотезаларын, мақсат тапсырмаларын, тақырыптарын құрастыру.	2	1	3	ПОН 1 ПОН 2
3	Көлденең зерттеулер және олардың әдіснамасы.	Зерттеулерінің тәсілдерін, көлемін, түрін және популяциясын анықтау.	2	1	3	ПОН 1 ПОН 2 ПОН 3 ПОН 4
4	Экологиялық зерттеулер және олардың әдіснамасы.	Зерттеулерінің ішкі және сыртқы жарамдылықтарын жақ-сарту шамасы мен бағаланатын көрсеткіштерін анықтау.	2	1	3	ПОН 2 ПОН 3 ПОН 4
5	«Жағдай-бақылау» зерттеулер және олардың әдіснамасы.	Зерттеулерінің тақырыбына әдеби шолу өткізу.	2	1	3	ПОН 2 ПОН 3 ПОН 4

6	Когортты зерттеулер және олардың әдіснамасы.	Зерттеуді өткізу тәсілдерін анықтау.	2	1	3	ПОН 2 ПОН 3 ПОН 4
7	Аралас зерттеулер және олардың әдіснамасы.	Зерттеулерінен алынған қорытындыларды сипаттау.	2	1	3	ПОН 2 ПОН 3 ПОН 4
8	Эксперименттік зерттеулер және олардың әдіснамасы.	Mendeley немесе Zotero бағдарламаларын қолдана отырып, ГОСТ Р 7.0.100-2018 немесе АПА 6 стиліне сәйкес студенттің ғылыми зерттеулерінің әдеби дереккөздерін рәсімдеу.	2	1	3	ПОН 2 ПОН 3 ПОН 4
9	Ғылыми зерттеулердің бағыттарын таңдау. Ғылыми-техникалық мәселелерді қою және ғылыми-зерттеу жұмыстың кезеңдері.	Студенттің жеке өзінің зерттеулерінің нәтижесі бойынша мақалалар жазу.	2	1	3	ПОН 2 ПОН 3 ПОН 4 ПОН 5
10	Ғылыми ақпаратты іздену, өңдеу және бағыттау. Дәлелді медицина бойынша халықаралық мәліметтер базалар (Кокран кітапханасы, EMBASE, PubMed).	Студенттің жеке өзінің зерттеулері бойынша баяндама жасау.	2	1	3	ПОН 3 ПОН 4
11	Ғылыми зерттеу нәтижелерін рәсімдеу. Медициналық зерттеулердегі этикалық принциптері мен нормалар. Хельсинки декларациясы.	Дәлелді медицина бойынша халықаралық дерекқорлармен жұмыс.	2	1	3	ПОН 3 ПОН 4 ПОН 5
12	Ақпаратты ауызша ұсыну. Ғылыми жұмыстың қорытындыларын сипаттау мен дәлелдеу.	Ғылыми медициналық зерттеудің этикалық аспектілері.	2	1	3	ПОН 4 ПОН 5
13	Сандық және санаттық мәліметтерді талдаудың статистикалық әдістері.	PubMed медициналық әдебиеттер базасындағы басылымдарды зерттеуге негізделген жұмыс.	2	1	3	ПОН 3 ПОН 4 ПОН 5
14	Биомедициналық зерттеулердің этикалық сараптамасының тәртібі. Этикалық комитеттердің этикалық нормалардың сақталуын, әл-ауқат кепілдіктерін, құқықтарды қорғауды, клиникалық зерттеулерге қатысушылардың денсаулығын қоғамдық бақылаудағы рөлі.	Жоғары рейтингті журналдардың талаптары бойынша мақаланы жариялауға дайындау.	2	1	3	ПОН 3 ПОН 4 ПОН 5
15	Ғылыми зерттеулер нәтижесі бойынша презентация мен баяндама дайындау.	Магистрлік диссертацияның құрылымы.	2	1	3	ПОН 3 ПОН 4 ПОН 5
Барлығы:			30	15	45	

Пәнді оқыту әдістері

Тәжірибелік сабақтар: ауызша талдау, есептер шығару, тапсырмалар мен жаттығуларды орындау, студенттердің білім деңгейін бақылау, құзіреттіліктерді меңгеруі бойынша тиімді кері байланыс, MCQ, PAL, SAQ, SGL, TaskBL - *пәннің ерекшелігіне байланысты тиісті оқыту әдісі таңдалады.*

Білімгерлердің оқытушымен бірлескен өзіндік жұмысы (ОБӨЖ): өткен тәжірибелік сабақтарында қарастырылған сұрақтарды тереңдетіп оқу, өз бетімен оқуға арналған тақырыптар және туындаған сұрақтар бойынша оқытушыдан кеңес алу.

Білімгерлердің өзіндік жұмысы (БӨЖ): тәжірибе түрінде орындалады деп көрсетілген тақырыптарды өз бетімен оқу, компьютерлік модельдер және бағдарламалармен жұмыс, шағын топтарда жұмыс, қосымша әдебиеттермен, электрондық ақпарат тасымалдаушылармен жұмыс, презентация, ғылыми рефераттар дайындау және қорғау.

Мүмкіндігі шектеулі білімгерлер үшін құрылымдық бөлімдермен бірлесіп, мамандандырылған бейімдеу пәндерін (модульдерін) енгізудің оқыту әдістерін, формаларын, бақылау түрі мен уақыт мөлшерін пән оқытушысы өзгерте алады.

Бағалау саясаты

Осы пәнді оқу барысында 1 және 2 аралық бақылау (АБ) автоматты түрде есептелінеді. АБ-дың 50% ағымдағы бақылау (апталық бағалау) және ОБӨЖ, 40%-БӨЖ тапсырмасы, 10%-сабаққа қатысуы құрайды. (барлығы 100%). Ағымдағы бақылау (апталық бағалау) оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіледі және аудиториялық, аудиториядан тыс сабақтардағы (ОБӨЖ) бақылауды қамтиды.

Қорытынды баға: екі аралық бақылаудың орта мәнінің 60% және қорытынды бақылау (емтихан) нәтижесінің 40% құрайды.

Білімді бақылау кестесі

№	Оқу жұмыс түрлері, бақылау құралдары	Күндер					Емтихан
		1	2	3	4	5	
1	Практикалық сабақ (семинар)	ac/em MCQ SAQ SGL	ac/em MCQSAQ, SGL	ac/em MCQ SAQ, SGL	ac/em MCQ SAQ, SGL	ac/em MCQ SAQ, SGL	ЭССЕ
2	ОБӨЖ тапсырма-лары	PAL/ Task BL	PAL/ TaskBL	PAL/ Task BL	PAL/ Task BL	PAL/ Task BL	
3	БӨЖ тапсырма-лары			OR		OR	

б-баяндау, па-пікір алмасу, ас-ауызша сұрау, еш-есептер шығару, MCQ, OR, PAL, SAQ, SGL, TaskBL-*тиісті бақылау түрі таңдап алынады.*

Ескертулер:

MCQ (multiple choice questions) – көп жауапты сұрақтар (тесттер)

OR (oral report) – презентация

PAL (peer-assisted learning) - құрбы-құрдастары арқылы оқыту

SAQ (short answer questions)-қысқа жауапты сұрақтар

SGL (small group learning) - шағын топтарда оқыту

TaskBL (task-based learning) - мәселелерге/есептерге негізделген оқыту

Оқыту нәтижелерін ағымдық, аралық аттестаттауды бағалау критерийлері

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Білімін бағалаудың белгілері
Өте жақсы А 4,00 95-100 А- 3,67 90-94	1.Барлық теориялық сұрақтарға және тапсырмаларға материал негізінде дұрыс және толық жауап құрастыра білуі; мысалдар мен дәлелдер келтіріп жауап беруі; 2.Практикалық есептер толық шығарылған; 3.Бағдарламаның талаптарына сәйкес жауаптың толық мазмұнының берілуі. Жауап мазмұнының тізбекті берілуі; 4.Берілген уақыт ішінде білім алушы тапсырмаға сәйкес шығармашылық қабілетін толық және жан-жақты шығармашылық дағдыларын жоғары деңгейде көрсетуі; 5.Жауап беру, түсіндіру, баяндау, презентация жасау ерекшелілігі, жүйелі құрылуы, баяндау шеберлігін (көрнекі құралдармен) қолданып, өз ойын қорытындылай толық дәлелдей алуы; 6.Барлық негізі және қосымша тапсырмаларға сәйкес кәсіби тәжірибелік іскерліктер мен дағдыларды жоғары деңгейде көрсетуі.
Жақсы В+ 3,33 85-89 В 3,00 80-84 В- 2,67 75-79 С+ 2,33 70-74	1.Теориялық сұрақтарға жауап дұрыс, бірақ толық емес, кейбір маңызды емес қателіктер мен ауытқулар бар; 2.Практикалық есептер шығарылған, бірақ біршама қателіктер бар; 3.Білімгер тұжырымдама жасауда дәлсіздіктер, кішігірім қателіктер, материалдың қисынды және тізбекті түрде беруі, жауабын нақты мысалдармен дәлелдеуі. 4.Берілген уақыт ішінде білім алушы тапсырмаға сәйкес шығармашылық қабілеттілігін жақсы дәрежеде және дағдыларын жақсы деңгейде көрсетуі; 5.Кәсіби теориялық және практикалық білімін жауап беру, түсіндіру, баяндау, презентация жасауды дәлелдеуде ұштастыра білуі; жаңа технологияларды пайдалана отырып презентацияны қорғауы; 6.Тапсырмаға сәйкес кәсіби тәжірибелік іскерліктер мен дағдыларды жақсы деңгейде көрсетуі
Қанағаттанарлық С 2,00 65-69 С- 1,67 60-64 D+ 1,33 55-59 D 1,00 50-54	1.Теориялық сұрақтарға берген жауаптары жалпы дұрыс, бірақ толық емес, сипаттамада және логикада қателер жіберілген; 2.Практикалық есептер шығарылған, бірақ толық емес, әлі қателер орын алған; 3.Жауап беру кезінде логика мен бірізділік сақталмайды. Ұымдарды түсіндіру, терминдерді қолдануда қателіктер жіберуі; 4.Білім алушы тапсырма орындауда біршама қателіктер жіберген, берілген уақыттан кешіктіруі; 5. Жауап беру, түсіндіру, баяндау, презентация жасауға қойылатын талаптар сақталып, толық көлемде ұқыпты құрастырылып, эстетикалық талаптарға сай, алайда бірнеше қателіктермен орындалуы; 6.Орындалатын жұмыс мақсатының болуы, тапсырманың жартысын орындауы.
Қанағаттанарлықсыз FX 0,5 25-49 F 0 0-24	1.Теориялық сұрақтарға жауап қате; 2.Практикалық есептер шығарылмаған; 3.Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық байланыс жоқ. 4.Берілген уақыт ішінде тапсырманы орындай алмауы; 5.Уақытына сай презентацияны өткізбеуі; 6.Барлық тапсырмаларды орындай алмады.

Әдебиеттер:**Негізгі әдебиеттер:**

1. Клиникалық медицинадағы және қоғамдық денсаулық сақтауда ғылыми зерттеулердің негізгі түрлері: жоспарлау, іріктемені есептеу және мәліметтерді талдау. Оқу құралы. 2017. Г.О. Нускабаева, М.Б. Жунисова, К.Ж. Садыкова, А.М.Гржибовский.

2. Академиялық адалдық және ғылыми-зерттеу жұмысын жазу техникасы. Оқу-әдістемелік құрал. 2020. С.М. Сапина, Б.Б.Динаева.

Электронды ресурстар:

3.Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. 2020. Қ.Қ. Шалғынбаева, Н.П. Албытова, Т.С.Слаббекова. https://elibr.kz/ru/search/read_book/1026/

